Үлкендер жолы – ұлық!

АЛАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru | Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті | №49 (162) 20 қараша 2026 жыл

● ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

Президент Жолдауы – ел дамуының маңызды бағдары

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың әл-ауқатын арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және азаматтарға қолайлы өмір сүру жағдайларын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылған. Әсіресе, «Құрылыс жылы» аясында қолға алынатын жұмыстардың маңызы зор деп есептеймін.



Аналар кеңесінің үшін отбасының берекесі, балалардың қауіпсіз ортада өсіп-жетілуі және әрбір азаматтың сапалы өмір сүруі ерекше маңызды. Жаңа тұрғын үйлердің салынуы, мектептер мен балабақшалардың, медициналық мекемелердің және әлеуметтік нысандардың бой көтеруі халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының ашылуы мен дамуы да үлкен маңызға ие. Мұндай орталықтар аға буын өкілдерінің қоғам өміріне белсенді араласуына, бос уақыттарын тиімді өткізуіне, денсаулықтарын нығайтуына және өзара қарым-қатынасын арттыруына жағдай жасайды. Қарияларымызға құрмет көрсету, олардың өмір сапасын жақсарту және қоғамнан шет қалмауына мүмкіндік беру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Құрылыс саласының дамуы аясында әлеуметтік нысандарға басымдық беріліп, халықтың әртүрлі санаттарына қолайлы жағдай жасалса, оның игілігін бүкіл қоғам көреді. Әсіресе, балаларға, жас отбасыларға және егде жастағы азаматтарға арналған нысандардың қолжетімді әрі сапалы болуы маңызды.

Біздің мақсатымыз – тек жаңа ғимараттар салу ғана емес, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастыру. Отбасы құндылықтарын нығайту, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету және ұрпақтар сабақтастығын сақтау арқылы қоғамның бірлігі мен ынтымағын арттыра аламыз.

Еліміздің өркендеуі жолындағы бастамалар нәтижелі жүзеге асып, әрбір отбасының әл-ауқаты арта берсін. Аға буын өкілдері құрметке бөленіп, жастарға үлгі болып, ұрпақтар сабақтастығы жалғасын таба берсін!

Бақытгүл КӨНЕЕВА,
Кеген ауданы
аналар кеңесінің төрайымы.

● ДӘСТҮР

САЛТПЕН СЫРЛАСҚАН СЫРЛЫ ҒҰМЫР

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөздерінде ұлттық құндылықтарды сақтау, салт-дәстүрімізді дәріптеу, отбасы институтын нығайту және өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің маңыздылығына ерекше мән беріп келеді. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат» реформаларын құру бағытындағы бастамалары аясында қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайту, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеу, отбасы құндылықтарын сақтау – тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Осы бағыттарды негізге ала отырып, Қарасай ауданы, Елтай округіне қарасты Көкөзек ауылындағы жайлы мектеп педагогтары тарапынан қазақ халқының салт-дәстүрлері мен отбасылық тәрбиесін насихаттауға бағытталған «Салтпен сырласқан сырлы ғұмыр» тақырыбында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның өтуіне мектеп директоры Жанна Шайхиева ұжымымен атсалысты. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін дәріптеу, жас ұрпаққа ата-баба мұрасын таныту, отбасы құндылықтарын насихаттау, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу және ұрпақтар сабақтастығын нығайту.

Іс-шара барысында халқымыздың өмір салтында ерекше орын алатын беташар рәсімі көрсетілді. Беташар кезінде айтылатын өсиет пен ақыл-тілектердің тәрбиелік мәніне тоқталып, жас келінге үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, отбасындағы татулық пен бірлікті сақтау сияқты ізгі қасиеттердің маңызы түсіндірілді. Қазақ халқының «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» қағидасы негізге алынып, отбасы мүшелері арасындағы өзара сыйластық, татулық пен жауапкершіліктің мәні ашылды. Көрініс барысында жаңа түскен келінге Қарасай ауданы «Ардагерлер» ұйымының төрағасы Сағат Ұлтарақұлы ақ батасын беріп, «Асыл аналар» ұйымының төрайымы Ұлтай Аманкелдіқызы өскелең ұрпаққа ұрпақ сабақтастығы жайлы ақ тілегін жаудырды. Нәтижесінде, іс-шара ұлттық салттың мазмұнын танытумен шектелмей, оның бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын ашуға мүмкіндік берді. Педагогтердің шығармашылық ізденісі мен сахналық шеберлігі арқылы дәстүрлі рәсімнің тәрбиелік қыры әсерлі түрде көрсетіліп, көрерменге қазақы тәрбиенің терең мәні жеткізілді. Осындай тағылымды шаралар арқылы ұлттың рухани мұрасы ұлықталып, атадан балаға жалғасқан өнегенің өміршеңдігі айқындала түсті.



Іс-шара өз мақсатына жетіп, қатысушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға, салт-дәстүрді құрметтеуге және рухани мұраны дәріптеуге ықпал етті. Кеш соңында Елтай ауылдық округінің «Аталар» төрағасы Азербай ата барша қатысушылар мен оқушыларға ақ батасын берді. Іс –шараға қатысқан қонақтардың барлығы өз тілектері мен жылы лебіздерін, өсиет сөздерін, баталарын беріп, алғыстарын білдірді.

Өз тілшіміз.
Қарасай ауданы.

ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ЖИЫН ӨТТІ

Кеген ауданында Алматы облысы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссия мүшелерінің қатысуымен жиын өтті.

Жиынға облыстық комиссия мүшелері, аудандық комиссия өкілдері, мекеме басшылары, «аналар» кеңесінің мүшелері, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, жастар және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Медет Исаев төрағалық етті.

Жиынның негізгі мақсаты – ауданда отбасы және гендерлік саясат бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды саралау, өзекті мәселелерді талқылау және алдағы міндеттерді айқындау.

Жиын барысында ауданның отбасылық және гендерлік саясат саласында атқарылған жұмыстардың нәтижелері баяндалды. Атап айтқанда, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Еркінбек Қалқаев, отбасын қолдау орталығының директоры Біләл Мәсімбаев және аудандық полиция бөлімінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Маржан Анекеева баяндама жасап, өз бағыттары бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Өз тілшімізден.
Кеген ауданы.

АРДАГЕРЛЕР ГАЗ МӘСЕЛЕСІН НАЗАРҒА АЛДЫ

Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының кеңесесінде №7 бірмандаттық аумақтық сайлау округінен қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат «Қапшағай өңірлік газ желілері» ЖШС Бас директорының орынбасары Байболатов Ержан Мекенбайұлымен сайлауалды кездесуі болып өтті. Кездесуге қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев, қалалық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мира Сейітқазиева, Алматы облыстық «Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері одағының» төрағасы Қанат Молдабергенов, қалалық аналар кеңесінің төрайымы Дәметкен Нүсіпбекова, қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі төрағысының орынбасары Назым Чажайбаева, қалалық Белсенді өмір сүру орталығының жетекшісі Халипа Рахметова мен ардагерлер қатысты.



Кездесуді ашқан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев: «Бүгін біздің ұжымға келіп, кездесу өткізіп жатқан Ержан Мекенбайұлын үш жылдан бері білемін. Кейбір адамдар сияқты жасаған жақсылығын ешқашан жария етіп көрген жоқ. Айналасындағы адамдарға көмектесуді азаматтық парызы санайтын ол біздің ұйымның ардагерлеріне де қол ұшын беріп, көмектескенін әрдайым ілтипатпен айтып жүрмін. Жалпы, Ержан бауырымыз сөзі мен ісі үйлескен, жаупкершілікті сезіне білетін азамат деп бағалаймын»,-деді кіріспе сөзінде.

Жиынға қатысушылар депутаттыққа кандидатқа газ саласының маманы болғандықтан қала мен оның аймағына газдандыру жұмыстарын қаншалықты жандандырылып жатқандығын және газ тарту желілерін пайдалануға беру кезінде тұрақты бақылау жүргізу бағытындағы өзекті мәселелер төңірегінде өздерінің көкейкесті сауалдарын қоюдан бастады. Ержан Мекенбайұлы 2026-2031 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасымен таныстыра келе, ардагерлердің қойған барлық сауалдарына ықтиятты жауап қайтарды.

- Мен үшін халықтың сенімі-үлкен жауапкершілік. Сол сенімді ақтау жолында адал еңбек етуге дайынмын. Сіздерді толғантып жүрген мәселелерді тиісті органдарға жеткізіп қана қоймай, олардың шешілу барысын бақылауға күш салуды өз міндетім деп санаймын. Әр мәселені жауапкершілікпен қарастырып, нақты нәтижеге қол жеткізу үшін жүйелі жұмыс атқаратын боламын,-деді Ержан Байболатов қорытынды сөзінде.

- Депутаттық қызмет-атақ немесе мәртебе ғана емес, халықтың мұңмұқтажын тыңдап, қала өміріндегі өзекті мәселелерді талқылауға қатысатын үлкен қоғамдық міндет. Сондықтан Ержан Мекенбайұлына кәсіби қызметі қоғамдық жолы алдағы уақытта ел игілігі үшін жолындағы еңбегі жемісті болсын,-дей келе қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы ақ батасын берді.

Заңғар АЛТАЙ.

БАСПАСӨЗ-2027

Құрметті Оқырман!

Республика ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа,имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» газетіне жазылу басталды. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір айға жазылу бағасы
ауыл тұрғындары үшін **7171,52 теңге,** қала тұрғындары үшін **7432,04 теңге**

Алты айға жазылу бағасы -
ауыл тұрғындары үшін **3585,76 теңге,** қала тұрғындары үшін **3716,02 теңге**

Индексі- **65472**

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Әлібеков Мұхит Бейсембекұлы



Мен — Әлібеков Мұхит Бейсембекұлы, Талғар ауданына қарасты Белбұлақ ауылының тұрғынымын. Мамандығым — құрылысшы.

Өз салалық қызметім мен мемлекеттік органдармен жұмыс істеу тәжірибем маған әрбір істе нақты шешім қабылдаудың және халық алдында ашық есеп берудің қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Ауданымыздың өсіп-өркендеуі ең алдымен күнделікті тұрмыс тіршілігіміздегі түйткілдерді шешуден басталады. Олардың қатарында сапалы жол, таза ауызсу, медицина мен білім ошақтарының қолжетімділігі, тұрақты жұмыс орындары және ұрпағымыздың жарқын болашағы тұр.

Әрбір елді мекенге жіті назар аударылып, әрбір отбасының әл-ауқаты жақсаруы керек деп есептеймін. Мен үшін әділдік пен жауапкершілік ұғымдары осы міндеттерден бастау алады.

Мен ұсынып отырған бағдарлама «Әділет» партиясының бағыт-бағдары мен негізгі құндылықтарына сүйенеді. Басты назарымызда қордаланған мәселелерді шешумен бірге, ауыл кәсіпкерлігін өркендету, еңбек адамының мәртебесін көтеру, жастарға қолдау көрсету және туған жердің табиғатын сақтау сияқты игі істер тұр.

Менің алға қойған жоспарларым құрғақ сөз емес, нақты нысандар мен айқын мерзімдерге негізделген. Олардың аудандық бюджетке еніп, іске асырылуына қол жеткіземін, сондай-ақ атқарылған әрбір жұмыс үшін тұрғындар алдында үнемі ашық түрде есеп беріп отырамын.

Депутаттық қызметтегі мен үшін ең басты жетістік — халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі оң өзгерістер мен сіздердің ризашылықтарыңыз!

Я — Алибеков Мухит Бейсембекулы, житель села Белбулак Талгарского района. По профессии я строитель.

Работа в строительной отрасли и опыт взаимодействия с государственными органами показали мне, насколько важно в каждом деле принимать конкретные решения и открыто отчитываться перед жителями.

Развитие и процветание нашего района начинаются с решения повседневных проблем. Качественные дороги, чистая питьевая вода, доступность медицинских учреждений и организаций образования, стабильные рабочие места — от всего этого зависит будущее наших детей.

Считаю, что каждому населённому пункту нужно уделять пристальное внимание, а благосостояние каждой семьи должно расти. Именно решение этих задач для меня является проявлением справедливости и ответственности.

Моя программа опирается на основные направления и ценности партии «Әділет». Наряду с решением накопившихся проблем мы уделим особое внимание развитию сельского предпринимательства, повышению статуса человека труда, поддержке молодёжи и сохранению природы родного края.

За моими планами стоят конкретные объекты и чёткие сроки. Я добьюсь, чтобы средства на их реализацию предусмотрели в районном бюджете, а сами проекты были выполнены. О каждой выполненной работе я буду регулярно и открыто отчитываться перед жителями.

Главным достижением в депутатской работе для меня станут положительные перемены в жизни людей и ваша благодарность!

Алибеков Мухит Бейсембекович

2026–2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. ЖОЛДАР МЕН КӨЛІК

2027 жылы Талғар ауылындағы Белбұлақ, Бірлік, Талдыбұлақ ауылдары көшелерін жөндеуге қол жеткізу. Аудандағы елді мекендер арасындағы көлік қатынасын жақсартуға, қоғамдық көліктің тұрақты жүруін қамтамасыз етуге және жолдарды сапалы күтіп ұстауды бақылау.

2. СУМЕН ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ, КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ауылдарды сумен жабдықтау мәселелерін шешуге, тозған инженерлік желілерді жөндеуге қол жеткізу. Ауылдық елді мекендерді электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге және көшелерді жарықтандыру аясын кеңейтуге ерекше көңіл бөлу.

3. ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕ ЖӘНЕ АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУ

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несие беру аясын кеңейтуге, жеке қосалқы шаруашылықтарды, отбасылық кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға жәрдемдесу. Аудан тұрғындары үшін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыруға қол жеткізу.

4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

Ветеринариялық инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мәселелерінде ауыл тұрғындарының мүддесін қорғау. Жергілікті фермерлер мен жеке қосалқы шаруашылықтардың өнімдерін сатуға арналған, тиісті түрде жабдықталған алаң құруға қол жеткізу.

5. ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Шағын бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және инвестиция тарту арқылы тұрақты жұмыс орындарын ашуды қолдау. Халықты жұмыспен қамтуға, кәсіптік оқытуға және жас кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған мемлекеттік шараларды іске асыруға жәрдемдесу.

6. ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ САПАЛЫ МЕДИЦИНА

Аудандық ауруханаңың жабдықталуын жақсартуға, бейінді дәрігерлердің қызметі мен шалғай ауылдардағы медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға қол жеткізу. «Дипломмен ауылға» жобасын қоса алғанда, мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану арқылы медицина кадрларын тартуды қолдау.

7. ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

Аудандағы орта мектептердің материалдық-техникалық жабдықталуын жақсартуға, білім беру ұйымдарына баратын жолдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қол жеткізу.

8. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Қарт адамдар, балалы отбасылар және мүгедектігі бар адамдар үшін мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз етуге күш салу. Әлеуметтік осал азаматтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға және аудан мекемелерінде қолжетімді орта қалыптастыруға жәрдемдесу.

9. САПАЛЫ БАЙЛАНЫС ПЕН ИНТЕРНЕТ

Ұялы байланыс пен интернет сапасын жақсартуға, сондай-ақ ауданның шалғай елді мекендеріндегі қамту аясын кеңейтуге қол жеткізу. Ауылдық мекемелерді цифрландыруды және электрондық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруды қолдау.

10. ТАЗА ӘРІ АБАТТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЛДАР

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында елді мекендерді абаттандыруға, көгалдандыруға және қалдықтарды жинау мен шығару жүйесін жақсартуға, жайлы қоғамдық кеңістіктер құруға қол жеткізу.

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026–2031 ГОДЫ

1. ДОРОГИ И ТРАНСПОРТ

Добиться ремонта улиц в сёлах Белбулак, Бирлик и Талдыбулак Талгарского района в 2027 году. Следить за улучшением транспортного сообщения между населёнными пунктами района, регулярностью движения общественного транспорта и качеством содержания дорог.

2. ВОДОСНАБЖЕНИЕ, ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ И КОММУНАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА

Добиться решения проблем с водоснабжением сёл и ремонта изношенных инженерных сетей. Уделять особое внимание бесперебойному электроснабжению сельских населённых пунктов и расширению сети уличного освещения.

3. ДОСТУПНОЕ КРЕДИТОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

В рамках программы «Ауыл аманаты» содействовать расширению льготного кредитования сельских жителей, развитию личных подсобных хозяйств, семейного предпринимательства и сельскохозяйственных кооперативов. Добиваться повышения доступности мер государственной поддержки для жителей района.

4. ПОДДЕРЖКА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Защищать интересы сельских жителей в вопросах развития ветеринарной инфраструктуры и повышения доступности услуг в сфере сельского хозяйства. Добиться создания оборудованной площадки для продажи продукции местных фермеров и владельцев личных подсобных хозяйств.

5. НОВЫЕ РАБОЧИЕ МЕСТА И ДОХОДЫ СЕЛЬСКИХ ЖИТЕЛЕЙ

Поддерживать создание постоянных рабочих мест за счёт развития малого бизнеса, переработки сельскохозяйственной продукции и привлечения инвестиций. Содействовать реализации государственных мер по трудоустройству, профессиональному обучению и поддержке молодых предпринимателей.

6. ДОСТУПНАЯ И КАЧЕСТВЕННАЯ МЕДИЦИНА

Добиться улучшения оснащения районной больницы, повышения доступности приёма профильных врачей и медицинской помощи в отдалённых сёлах. Содействовать привлечению медицинских кадров с помощью мер государственной поддержки, в том числе проекта «С дипломом — в село!».

7. СОВРЕМЕННЫЕ ШКОЛЫ И КОМФОРТНЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ДЕТЕЙ

Добиться улучшения материально-технического оснащения средних школ района и обеспечить безопасность дорог, ведущих к организациям образования.

8. СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА И ПОДДЕРЖКА СЕМЕЙ

Прилагать усилия, чтобы государственные социальные услуги были доступны пожилым людям, семьям с детьми и людям с инвалидностью. Содействовать улучшению условий жизни социально уязвимых граждан и созданию доступной среды в учреждениях района.

9. КАЧЕСТВЕННАЯ СВЯЗЬ И ИНТЕРНЕТ

Добиться улучшения качества мобильной связи и интернета, а также расширения зоны покрытия в отдалённых населённых пунктах района. Поддерживать цифровизацию сельских учреждений и повышение доступности электронных государственных услуг.

10. ЧИСТЫЕ И БЛАГОУСТРОЕННЫЕ СЁЛА

В рамках инициативы «Таза Қазақстан» добиваться благоустройства и озеленения населённых пунктов, улучшения системы сбора и вывоза отходов, а также создания комфортных общественных пространств.

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Біздің ауданның басты байлығы – еңбекшіл әрі берекелі халқымыз. Сондықтан әрбір елді мекенге айрықша көңіл бөлініп, әр шаңырақ бақуатты өмір сүруі тиіс.

Сапалы жол, сапалы әлеуметтік қызметтер, тұрақты жұмыс орны және жастардың өзін көрсете алуы – құрғақ уәде күйінде қалмай, күнделікті шынайы өмірімізге айналуы қажет.

Барлық түйткілді бір сәтте шешіп тастау мүмкін емесі анық. Дегенмен депутат ретінде әрбір тұрғынның мүддесін батыл қорғап, түйінді мәселелердің жүйелі түрде шешілуі үшін бар күшімді саламын. Мен үшін берілген уәде нақты іспен көрсету аса маңызды.

Күшімізді біріктіріп, жұмыла көтерсек, туған ауданымызды өмір сүруге, еңбек етуге және ұрпақ өсіруге ең қолайлы әрі жайлы мекенге айналдыратынымызға сенімдімін!

МЕНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫМ

Әрбір тұрғынға бірдей көзқарас танытып, әр ауылдың тыныс-тіршілігін назарда ұстау – мен үшін басты ұстаным. адал еңбекті бағалай білу, берген уәдеге берік болып, әрбір атқарған қадамым үшін жауапкершілік алу – менің қағидам. Халықпен ешқашан ара-жікті ажыратпай, ашық сөйлесу және ел мүддесін қорғау – ортақ ортамыздағы ең маңызды міндет.

Сіздердің көтерген ұсыныстарыңыз бен айтқан сын-ескертпелеріңізге әрқашан құлақ түремін. Жергілікті тұрғындардың пікірін мұқият тыңдап, әрбір түйткілдің түбіне үңілуге және оң шешімін табу жолында аянбай еңбек етуге әрдайым дайынмын.

Сайлауға келіңіздер! Маған дауыс беріңіздер!

ДОРОГИЕ ЗЕМЛЯКИ!

Главное богатство нашего района — наши трудолюбивые и сплочённые жители. Поэтому каждому населённому пункту нужно уделять особое внимание, чтобы каждая семья жила в достатке.

Хорошие дороги, качественные социальные услуги, стабильная работа и возможности для самореализации молодёжи — всё это должно стать частью нашей повседневной жизни. Именно так обещания воплощаются в жизнь.

Решить все проблемы сразу невозможно. В депутатской работе я буду решительно защищать интересы каждого жителя и приложу все усилия, чтобы ключевые вопросы решались системно. Для меня особенно важно подкреплять каждое обещание конкретными делами.

Уверен, что общими усилиями мы сделаем наш родной район самым комфортным и благоприятным местом для жизни, работы и воспитания детей!

МОИ ПРИНЦИПЫ

Для меня главный принцип — относиться ко всем жителям одинаково внимательно и знать, чем живёт каждое село. Я ценю честный труд, держу слово и отвечаю за каждый свой шаг. Сохранять тесную связь с жителями, открыто говорить с ними и защищать их интересы — наша важнейшая общая задача.

Я всегда буду прислушиваться к вашим предложениям и критическим замечаниям. Готов внимательно выслушивать жителей, вникать в суть каждой проблемы и неустанно работать над её решением.

Приходите на выборы! Голосуйте за меня!

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аукенов Жан Бауыржанұлы



ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Мен, Аукенов Жан Бауыржанұлы, Талғар қаласының тумасымын. Осында туып-өстім, сондықтан туған қаламның дамуы мен өркендеуі мен үшін ерекше маңызды. Мамандығым – заңгер. Еңбек жолымды кәсіпкерлік саласынан бастадым. Әкемнің автобуспен жолаушылар тасымалдау бағытындағы «Тұлпар-Экспресс» отбасылық бизнесінде еңбек етіп, кәсіп жүргізудің қыр-сырын, ұйымдастыру жұмыстарын және жолаушылар тасымалы саласының ерекшеліктерін меңгердім. Осы тәжірибе маған жауапкершілікті, тәртіпті, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуды және тұрғындардың күнделікті қажеттіліктерін түсінуді үйретті. «Әділет» партиясының құндылықтарын басшылыққа ала отырып, тұрғындардың заңды мүдделерін қорғауға, өзекті мәселелерді тиісті мемлекеттік органдар алдында көтеруге және олардың орындалу барысын бақылауға күш саламын. Мен үшін халықпен ашық байланыс орнату, әрбір азаматтың пікіріне құлақ асу және атқарылған жұмыстар бойынша тұрақты есеп беру – басты міндеттердің бірі. Менің басты мақсатым – туған Талғар қаласының гүлденуіне үлес қосу, оның инфрақұрылымын дамыту және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты нәтижелерге қол жеткізу. Талғар – менің туған жерім, менің өскен ортам. Сондықтан оның болашағы үшін жауапкершілікпен еңбек етуге дайынмын. Туған жерге қызмет ету – мен үшін абыройлы міндет! Менің басты мақсатым – Талғар қаласының өркендеуіне үлес қосып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты нәтижелерге қол жеткізу.

Құрметпен, Жан АУКЕНОВ

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Я, Аукенов Жан Бауыржанулы, являюсь уроженцем города Талгар. Здесь я родился и вырос, поэтому развитие и процветание моего родного города имеют для меня особое значение.

По специальности я юрист. Свою трудовую деятельность начал в сфере предпринимательства. Работал в семейном бизнесе моего отца «Тұлпар-Экспресс», занимающемся пассажирскими перевозками на автобусах. Благодаря этому я освоил тонкости ведения бизнеса, организационной работы и особенности сферы пассажирских перевозок.

Этот опыт научил меня ответственности, дисциплине, умению выстраивать правильные отношения с людьми и понимать повседневные потребности жителей.

Руководствуясь ценностями партии «Әділет», я буду прилагать усилия для защиты законных интересов жителей, поднятия актуальных вопросов перед соответствующими государственными органами и контроля за ходом их исполнения.

Для меня одними из главных обязанностей являются установление открытого диалога с населением, внимание к мнению каждого гражданина и регулярная отчётность о проделанной работе.

Моя главная цель — внести вклад в процветание родного города Талгар, развитие его инфраструктуры и достижение конкретных результатов, направленных на повышение качества жизни жителей.

Талгар — моя родная земля, место, где я вырос. Поэтому я готов ответственно трудиться ради его будущего.

Служить родному краю — для меня почётная обязанность!

Моя главная цель — внести вклад в развитие города Талгар и добиться конкретных результатов, направленных на улучшение качества жизни его жителей.

С уважением, Жан Аукенов

Аукенов Жан Бауыржанулы

2026–2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР
БАҒДАРЛАМАМНЫҢ НЕГІЗГІ 10 БАСЫМ БАҒЫТЫ
ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

** Электр қуаты жетіспейтін және желілерге шамадан тыс жүктеме түсетін аумақтарды анықтау.*
** Қажетті жерлерге қосымша трансформаторлық қосалқы станциялар (ТП) орнату мәселесін шешу жолдарын ұсыну.*
** Қолданыстағы трансформаторлардың қуатын арттыру және электр желілерін жаңарту жұмыстарын бақылау.*
** Электр қуатының тұрақты берілуіне ықпал ету.*

КӨШЕЛЕРДІ ТОЛЫҚ ЖАРЫҚТАНДЫРУ

** Талғар қаласының №1 сайлау округіндегі жарықтандырылмаған көшелердің толық тізімін қалыптастыру.*
** 2031 жылға дейін жарықтандыруды қажет ететін көшелерді кезең-кезеңімен қамтуға ықпал ету.*
** Ескірген жарық шамдары мен желілерін жаңарту.*

БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢДАРЫН КӨБЕЙТУ

** Балалар ойын алаңдары жоқ тұрғын аудандарды анықтау.*
** Жаңа заманауи ойын алаңдарын салу мәселесін көтеру.*
** Қолданыстағы алаңдарды жөндеу және қауіпсіз ойын жабдықтарымен қамтамасыз ету.*
** Балаларға қолайлы және қауіпсіз демалыс ортасын қалыптастыру.*

СПОРТТЫҚ АЛАҢДАР МЕН ВОРКАУТ АЙМАҚТАРЫН ДАМЫТУ

** Ашық аспан астындағы спорт алаңдарының санын арттыру.*
** Жастарға арналған Street Workout (воркаут) кешендерін орнату.*
** Тұрғын аудандарда тегін спортпен айналысуға жағдай жасау.*
** Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау.*

ТАЗА ӘРІ САПАЛЫ ӘРІ ҮЗДІКСІЗ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

** Су тапшылығы байқалатын көшелер мен аудандарды анықтау.*
** Су құбырларының тозған учаскелерін жаңарту мәселесін көтеру.*
** Су қысымы мен сумен жабдықтау сапасын бақылау.*
** Ауыз судың үздіксіз берілуіне бағытталған жұмыстардың орындалуын қадағалау.*
** Қаладағы арық жүйесінің жағдайын толық зерделеу.*
** Арықтарды тазалау, жөндеу және жаңадан салу жұмыстарын қолға алуға ықпал ету.*
** Жаңбыр және еріген қар суларының жиналуына жол бермеу.*
** Су басу қаупі бар аумақтарда су бұру жүйесін жақсарту.*

ЖОЛ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ЖӘНЕ КӨШЕЛЕРДІ АСФАЛЬТТАУ

** Асфальт төселмеген көшелердің тізімін жасап, жөндеу кезектілігін анықтау.*
** Көшелерді кезең-кезеңімен асфальттау мәселесін көтеру.*
** Жолдардың сапалы жөнделуін және орындалған жұмыстардың сапасын бақылау.*
** Қажетті жерлерге жол белгілері мен жол қозғалысын реттеу құралдарын орнату.*

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ КҮШЕЙТУ

** Аулаларда, қоғамдық орындарда және адам көп шоғырланатын аумақтарда бейнебақылау камераларын көбейту.*
** Мектептер мен балабақшалар маңындағы қауіпсіздікті күшейту.*
** Құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын қолдау.*
** Тұрғындар үшін қауіпсіз қоғамдық орта қалыптастыру.*

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

** Тротуарлары жоқ көшелердің тізімін жасау.*
** Жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар салу және қолданыстағыларын жөндеу мәселесін көтеру.*
** Мектептер, балабақшалар және әлеуметтік нысандар маңында қауіпсіз жаяу жүргіншілер аймақтарын қалыптастыру.*
** Қажетті жерлерде жаяу жүргіншілер өткелдері мен жол белгілерін орнатуға ықпал ету.*
** «Таза Қазақстан» бастамасы аясында Талғар қаласының №1 сайлау округінің санитарлық тазалығын сақтауға, көшелер мен аулаларды абаттандыруға, тұрмыстық қалдықтарды уақытылы жинау және шығару жүйесін жақсартуға бағытталған жұмыстарға ықпал ету. Қоқыс контейнерлерінің жеткілікті болуын, олардың орналасу орындарының талапқа сай күтіп-ұсталуын және заңсыз қоқыс үйінділерін жою мәселелерін көтеру. Сонымен қатар, аулалар мен қоғамдық*

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026–2031 ГОДЫ
10 ОСНОВНЫХ ПРИОРИТЕТНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ МОЕЙ ПРОГРАММЫ
МОДЕРНИЗАЦИЯ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЯ

** Выявить территории, где наблюдается нехватка электроэнергии и чрезмерная нагрузка на электрические сети.*
** Предложить пути решения вопроса установки дополнительных трансформаторных подстанций (ТП) в необходимых местах.*
** Контролировать работы по увеличению мощности действующих трансформаторов и обновлению электрических сетей.*
** Содействовать обеспечению стабильной подачи электроэнергии.*

ПОЛНОЕ ОСВЕЩЕНИЕ УЛИЦ

** Составить полный перечень неосвещённых улиц избирательного округа № 1 города Талгар.*
** Содействовать поэтапному обеспечению освещением улиц, нуждающихся в нём, до 2031 года.*
** Обновить устаревшие уличные светильники и электрические сети.*

УВЕЛИЧЕНИЕ КОЛИЧЕСТВА ДЕТСКИХ ИГРОВЫХ ПЛОЩАДОК

** Выявить жилые районы, в которых отсутствуют детские игровые площадки.*
** Поднять вопрос о строительстве новых современных игровых площадок.*
** Провести ремонт существующих площадок и обеспечить их безопасным игровым оборудованием.*
** Создать комфортную и безопасную среду для отдыха детей.*

РАЗВИТИЕ СПОРТИВНЫХ ПЛОЩАДОК И ВОРКАУТ-ЗОН

** Увеличить количество спортивных площадок под открытым небом.*
** Установить комплексы Street Workout (воркаут) для молодёжи.*
** Создать условия для бесплатных занятий спортом в жилых районах.*
** Популяризировать здоровый образ жизни среди молодёжи.*

ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЧИСТОЙ, КАЧЕСТВЕННОЙ И БЕСПЕРЕБОЙНОЙ ПИТЬЕВОЙ ВОДОЙ

** Выявить улицы и районы, испытывающие дефицит воды.*
** Поднять вопрос об обновлении изношенных участков водопроводных сетей.*
** Контролировать давление воды и качество водоснабжения.*
** Следить за выполнением работ, направленных на обеспечение бесперебойной подачи питьевой воды.*
** Провести комплексное изучение состояния арычной системы города.*
** Содействовать проведению работ по очистке, ремонту и строительству новых арыков.*
** Не допускать скопления дождевых и талых вод.*
** Улучшить систему водоотведения на территориях, подверженных риску подтопления.*

УЛУЧШЕНИЕ КАЧЕСТВА ДОРОГ И АСФАЛЬТИРОВАНИЕ УЛИЦ

** Составить перечень улиц без асфальтового покрытия и определить очередность проведения ремонтных работ.*
** Поднять вопрос о поэтапном асфальтировании улиц.*
** Контролировать качество ремонта дорог и выполненных работ.*
** Установить необходимые дорожные знаки и средства регулирования дорожного движения в соответствующих местах.*

УСИЛЕНИЕ ОБЩЕСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

** Увеличить количество камер видеонаблюдения во дворах, общественных местах и местах массового скопления людей.*
** Усилить меры безопасности вблизи школ и детских садов.*
** Поддерживать меры по профилактике правонарушений.*
** Создать безопасную общественную среду для жителей.*

ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕШЕХОДОВ

** Составить перечень улиц, на которых отсутствуют тротуары.*
** Поднять вопрос о строительстве тротуаров для пешеходов и ремонте уже существующих.*
** Создать безопасные пешеходные зоны возле школ, детских садов и социальных объектов.*
** Содействовать установке пешеходных переходов и дорожных знаков в необходимых местах.*
** В рамках инициативы «Таза Қазақстан» содействовать проведению работ, направленных на поддержание санитарной чистоты избирательного округа № 1 города Талгар, благоустройство улиц и дворов, а также совершенствование системы своевременного сбора и вывоза бытовых отходов. Поднимать вопросы обеспечения достаточного количества мусорных контейнеров, надлежащего содержания мест их размещения и ликвидации несанкционированных свалок. Кроме того, уделять внимание дворам и общественным территориям.*

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Қаланың көркеюі мен өркендеуі – ең алдымен, оның тұрғындарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасынан көрінеді. Әрбір отбасының жайлылығы, әр азаматтың қауіпсіздігі, балалардың жарқын болашағы мен жастардың жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуі – ортақ мақсатымыз.

Талғар қаласының әрбір көшесі мен шағынауданы назардан тыс қалмауы тиіс. Сапалы жолдар, таза әрі абаттандырылған аулалар, тұрақты су және электрмен жабдықтау, қолжетімді медициналық қызметтер, қауіпсіз қоғамдық кеңістіктер – тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды мәселелер.

Мен қаламыздың алдында тұрған барлық мәселені бір күнде шешу мүмкін емес екенін түсінемін. Алайда әрбір мәселені назарға алып, оның шешілу жолдарын іздеу, тиісті органдар алдында көтеру және атқарылған жұмыстардың нәтижесін бақылау – депутаттық қызметтің маңызды бөлігі. Менің мақсатым – тұрғындардың үнін жеткізіп, қаламыздың дамуына нақты үлес қосу.

Біз бірлесе әрекет етіп, ортақ мәселелерді жүйелі түрде шешуге ұмтылсақ, Талғарды өмір сүруге, еңбек етуге және бала тәрбиелеуге қолайлы қалаға айналдыруға мүмкіндік бар.

МЕНІҢ ҰСТАНЫМЫМ – ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Әрбір тұрғынның пікірі мен ұсынысын ескеру, барлық шағынауданның мәселесіне тең дәрежеде назар аудару және халықпен ашық байланыс орнату – менің негізгі қағидаларым. Жауапкершілікпен еңбек ету, сөз бен істің бірлігін сақтау және атқарылған жұмыс үшін есеп беру маңызды деп санаймын.

Сіздердің өтініштеріңізге, бастамаларыңызға және сын-ескертпелеріңізге әрдайым ашықпын. Тұрғындарды толғандырған мәселелерді тыңдап, оларды шешу жолында жүйелі жұмыс жүргізуге, халықтың мүддесін қорғауға және қаламыздың игілігі үшін күш салуға дайынмын.

Халықтың сенімі – үлкен жауапкершілік. Ал қаланың болашағы – бәрімізге ортақ міндет!

Туған жеріміздің дамуы мен көркеюі жолында бірлігімізді нығайтып, ортақ мақсатқа бірге қадам басайық!

УВАЖАЕМЫЕ ЗЕМЛЯКИ!

Процветание и развитие города прежде всего отражаются на благополучии его жителей и качестве их жизни. Комфорт каждой семьи, безопасность каждого гражданина, светлое будущее детей и новые возможности для молодёжи — наша общая цель.

Ни одна улица и ни один микрорайон города Талгар не должны оставаться без внимания. Качественные дороги, чистые и благоустроенные дворы, стабильное водо- и электроснабжение, доступные медицинские услуги, безопасные общественные пространства — всё это важные вопросы, которые напрямую влияют на повседневную жизнь жителей.

Я понимаю, что невозможно решить все проблемы, стоящие перед нашим городом, за один день. Однако важной частью депутатской деятельности является внимание к каждому вопросу, поиск путей его решения, поднятие проблем перед соответствующими органами и контроль за результатами проделанной работы. Моя цель — донести голос жителей и внести реальный вклад в развитие нашего города.

Если мы будем действовать сообща и стремиться к системному решению общих проблем, у нас есть все возможности сделать Талгар городом, комфортным для жизни, работы и воспитания детей.

МОЙ ПРИНЦИП — СЛУЖИТЬ НАРОДУ

Учитывать мнение и предложения каждого жителя, уделять равное внимание проблемам всех микрорайонов и поддерживать открытый диалог с населением — мои основные принципы. Считаю важными ответственное отношение к работе, единство слова и дела, а также отчётность за проделанную работу.

Я всегда открыт к вашим обращениям, инициативам и конструктивной критике. Готов выслушивать волнующие жителей вопросы, системно работать над поиском путей их решения, защищать интересы населения и прилагать все усилия на благо нашего города.

Доверие народа — это большая ответственность. А будущее города — наша общая задача!

Давайте укреплять наше единство, вместе двигаться к общей цели и вносить свой вклад в развитие и процветание родного края!

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Авамсалимов Ялкунжан Радикжанович



ҚҰРМЕТТІ ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Менің есімім — Ялкунжан Радикжанович Авамсалимов.

Мен Алматы қаласында туып-өстім. Жоғары білімді НАРХОЗ университетінде «Әлеуметтік-мәдени сервис» мамандығы бойынша алдым.

Алайда Талғар қаласы мен оның айналасындағы елді мекендер мен үшін тек жұмысыммен байланысты аумақ қана емес. Балалық шағымның едәуір бөлігі Талғар қаласына жақын орналасқан Қайназар ауылында әжемнің қолында өтті. Уақытымның көп бөлігін осында өткіздім. Дәл осы ортада адамдарға, еңбекке, отбасылық құндылықтарға және өзара көмекке деген көзқарасым қалыптасты.

Мен бұл өңірдің тыныс-тіршілігін, жергілікті тұрғындардың қуанышы мен қиындықтарын жақсы білемін. Сондықтан Талғардың мәселелері мен үшін жат немесе сырттай ғана таныс дүние емес. Олардың артында мен танитын, құрметтейтін адамдардың тағдыры тұр.

Менің кәсіби жолым — тынымсыз еңбек, кәсіби даму, адамдар алдындағы жауапкершілік, ұжымды басқару және күнделікті міндеттерді шешу тәжірибесі. Тұрақты жұмыстың, лайықты өмір сүру жағдайының және әр адамның мәселесіне назар аударудың қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін.

2017 жылдан бері «У Михалыча» Фазенда қала сыртындағы демалыс кешенін басқарып келемін. Осы уақыт ішінде кәсіпорын дамып, қызметкерлер саны 20 адамнан 170 адамға дейін өсті. Бүгінде кешен қызметкерлерінің шамамен 90 пайызы — Талғар қаласы мен оған жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындары.

Мен үшін бұл жай ғана сандар емес. Олардың артында адамдар, отбасылар, тұрақты табыс, кәсіби даму және болашаққа сеніммен қарау мүмкіндігі тұр.

Менің ойымша, басшы тек кәсіпорынның нәтижесін ғана емес, онымен бірге еңбек етіп, қатар өмір сүріп жатқан адамдардың жағдайын да ойлауы керек.

Өмірімде әлеуметтік жауапкершіліктің орны ерекше. Фазенда қайырымдылық жобаларына қатысып, Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдап, көпбалалы отбасыларға қолдау көрсетіп келеді.

Уақтылы көрсетілген көмектің қаншалықты маңызды екенін өз көзіммен көрдім. Кейде адамға дабыралы сөздер емес, нақты қолдау, көңіл бөлу және өз мәселесін жеткізе алу мүмкіндігі қажет.

Бүгінде мен өз тәжірибемді Талғар қаласы тұрғындарының игілігіне жұмсағым келеді.

Мен мәслихатқа қызметтік лауазым үшін емес, қарапайым тұрғындардың мәселелері назардан тыс қалмай, ашық талқыланып, нақты шешімін табуы үшін барғым келеді.

Мен үшін әрдайым тұрғындармен байланыста болу, олардың пікірін тыңдау және депутаттық өкілеттігім аясында нақты шешімдерге қол жеткізу маңызды.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ТАЛГАРА!

Меня зовут Ялкунжан Радикжанович Авамсалимов.

Я родился и вырос в Алматы, получил высшее образование в Университете НАРХОЗ по специальности «Социально-культурный сервис».

Но Талгар и его окрестности для меня — не просто территория, с которой связана моя работа. Значительная часть моего детства прошла у бабушки в посёлке Кайназар, расположенном в непосредственной близости от города Талгар. Здесь я проводил много времени, здесь формировалось моё отношение к людям, к труду, к семейным ценностям и взаимопомощи.

Я хорошо знаю жизнь этих мест, радости и трудности местных жителей. Поэтому проблемы Талгара для меня не чужие и не отвлечённые — за ними стоят судьбы людей, которых я знаю и уважаю.

Мой профессиональный путь — это труд, профессиональное развитие, ответственность за людей, управление коллективом и решение повседневных задач. Я хорошо знаю, насколько важны стабильная работа, достойные условия жизни и внимание к проблемам каждого человека.

С 2017 года возглавляю загородный комплекс Фазенда «У Михалыча». За это время предприятие выросло, а его коллектив увеличился с 20 до 170 сотрудников. Сегодня около 90% работников комплекса- жители города Талгар и его окрестностей.

Для меня это не просто цифры. За ними стоят люди, семьи, заработок, профессиональное развитие и возможность уверенно смотреть в будущее.

Я убеждён: руководитель должен думать не только о результатах предприятия, но и о людях, которые рядом с ним работают и живут.

Особое место в моей жизни занимает социальная ответственность. Фазенда участвует в благотворительных проектах, принимает ветеранов Великой Отечественной войны, детей с ограниченными возможностями, оказывает поддержку многодетным семьям.

Я видел, как много значит своевременная помощь. Иногда человеку нужны не громкие слова, а конкретное участие, внимание и возможность быть услышанным.

Сегодня я хочу применить свой опыт в интересах жителей города Талгар.

Я иду в маслихат не ради должности. Я хочу, чтобы проблемы обычных людей становились предметом внимания, обсуждения и реальной работы.

Мне важно быть доступным для жителей, слышать их и добиваться решений в рамках депутатских полномочий.

Авамсалимов Ялкунжан Радикжанович

2026–2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫМ

1. АДАМДАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Кез келген жұмыстың басты назарында адам және оның нақты қажеттіліктері тұруы тиіс.
Мен төмендегі азаматтарға ерекше көңіл бөлуді көздеймін:
көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға;
жалғызбасты қарттар мен зейнеткерлерге;
мүгедектігі бар адамдарға;
ерекше қолдауды қажет ететін балаларға;
қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға.
Мұқтаж азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету тетіктерін дамытуға, қайырымдылық бастамаларын қолдауға, бизнес өкілдерінің қоғамдық және әлеуметтік ұйымдармен өзара ынтымақтастығын нығайтуға ықпал етемін.
Менің міндетім — көп жағдайда назардан тыс қалып қоятын мәселелерге қоғамның назарын аударып, олардың шешілуіне ықпал ету.

2. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН МҮМКІНДІКТЕР

Жастар өз болашағын Талғар қаласымен байланыстырып, туған жерінде өсу мен дамудың мүмкіндігін көруі керек.
Жастардың кәсіп меңгеруіне, лайықты жұмыс табуына және өз қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті жағдай жасау маңызды деп санаймын.
Менің басымдықтарым:
жас мамандарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;
жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдарының өзара байланысын нығайту;
кәсіби білім беру мен тәжірибелік даярлықты дамыту;
жастар кәсіпкерлігін қолдау;
жастардың алғашқы жұмыс орнына орналасуына мүмкіндік жасау;
спорттық, мәдени және білім беру бастамаларын қолдау.
Өз тәжірибемнен білемін: жұмыс орындары өздігінен пайда болмайды. Ол үшін кәсіпорындарды дамыту, инвестиция тарту және кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау қажет.

3. ОТБАСЫ, БАЛАЛАР ЖӘНЕ АҒА БУЫН

Мықты қала — берекелі отбасынан басталады.
Балаларымыздың қандай ортада өсіп жатқанына, ата-аналарымыздың тұрмыс жағдайына және қарттарымыздың лайықты өмір сүруіне көбірек көңіл бөлу қажет.
Мен төмендегі бағыттарға арналған бастамаларды қолдаймын:
балаларға арналған спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерді дамыту;
қосымша білім беру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру;
қауіпсіз балалар және ойын алаңдарын салу;
отбасылық демалыс орындары мен қоғамдық кеңістіктерді дамыту;
ардагерлер мен қарт адамдарға қолдау көрсету;
қолжетімді мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру.
Әсіресе балаларының қосымша білім алуына және толыққанды демалуына әрдайым мүмкіндік бола бермейтін отбасылардың балаларына ерекше назар аудару қажет.

4. ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ, КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ

Талғар ауданының кәсіпкерлікті, туризмді және қызмет көрсету саласын дамытуға әлеуеті зор.
Менің кәсіби тәжірибем кәсіпорындардың дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына қандай жағдайлар қажет екенін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.
Мен төмендегі бағыттардың дамуына ықпал етемін: шағын және орта бизнесті дамыту; жергілікті кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау; ауданға инвестиция тарту; ішкі туризм мен отбасылық демалысты дамыту; Талғар тұрғындары үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға жәрдемдесу; қонақүй және мейрамхана бизнесін, туристік инфрақұрылымды дамыту; бизнес өкілдері мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
Менің сенімім бойынша, бизнестің дамуы тек кәсіпкерлерге ғана емес, тұтас ауданға пайда әкелуі тиіс. Оның нәтижесі жаңа жұмыс орындарынан, салық түсімдерінен, тың мүмкіндіктерден және тұрғындардың өмір сапасының жақсаруынан көрінуі керек.

МОИ ПРИОРИТЕТЫ НА 2026–2031 ГОДЫ

1. ЛЮДИ И СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА

В центре любой работы должны находиться люди и их реальные потребности.
Я намерен уделять особое внимание:
многодетным и малообеспеченным семьям;
одиноким пожилым людям и пенсионерам;
людям с инвалидностью;
детям, нуждающимся в особой поддержке;
семьям, оказавшимся в сложной жизненной ситуации.
Буду содействовать развитию адресной социальной помощи, благотворительных инициатив и взаимодействия бизнеса с общественными и социальными организациями.
Моя задача — помогать привлекать внимание к тем проблемам, которые часто остаются незамеченными.

2. РАБОТА И ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ МОЛОДЁЖИ

Молодые люди должны видеть перспективу своего будущего в Талгаре.
Считаю важным создавать условия, при которых молодёжь сможет получить профессию, найти достойную работу и реализовать свои способности.
Мои приоритеты:
содействие трудоустройству молодых специалистов;
взаимодействие работодателей и образовательных организаций;
развитие профессионального обучения и практической подготовки;
поддержка молодёжного предпринимательства;
создание возможностей для первого рабочего места;
поддержка спортивных, культурных и образовательных инициатив.
Я знаю по собственному опыту: рабочие места не появляются сами по себе. Для этого необходимо развивать предприятия, привлекать инвестиции и создавать условия для предпринимательства.

3. СЕМЬЯ, ДЕТИ И СТАРШЕЕ ПОКОЛЕНИЕ

Сильный город начинается с благополучия семей.
Необходимо уделять больше внимания условиям, в которых растут наши дети, живут родители и проводят старость наши пожилые люди.
Буду поддерживать инициативы, направленные на:
развитие детских спортивных секций и творческих кружков;
доступность дополнительного образования;
создание безопасных детских и игровых площадок;
развитие семейного досуга и общественных пространств;
поддержку ветеранов и пожилых людей;
организацию доступных культурных и спортивных мероприятий.
Особое внимание — детям из семей, которые не всегда могут позволить себе дополнительные занятия и полноценный досуг.

4. РАБОЧИЕ МЕСТА, ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО И РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА

Талгарский район обладает большим потенциалом для развития бизнеса, туризма и сферы услуг.
Мой профессиональный опыт позволяет мне хорошо понимать, какие условия необходимы для развития предприятий и создания рабочих мест.
Буду содействовать: развитию малого и среднего предпринимательства; поддержке инициатив местных предпринимателей; привлечению инвестиций в район; развитию внутреннего туризма и семейного отдыха; созданию новых рабочих мест для жителей Талгара; развитию гостиничного, ресторанного бизнеса и туристической инфраструктуры; взаимодействию бизнеса и местных органов власти.
Я убеждён, что развитие бизнеса должно приносить пользу не только предпринимателям, но и всему району: через рабочие места, налоги, новые возможности и улучшение качества жизни.

МЕНІҢ ҰСТАНЫМЫМ

Мен әр адамға өмір сүруге, бала тәрбиелеуге, еңбек етуге және болашағын құруға қолайлы қала болғанын қалаймын.

Мен мынадай қағидаларды қолдаймын:
қарт адамдар өз мәселелерімен жалғыз қалмауы керек;
қиын жағдайға тап болған отбасылар қажетті қолдауға ие болуы тиіс;
балалардың білім алуына, спортпен айналысуына және жан-жақты дамуына мүмкіндік болуы керек;
жастар туған жерінде жұмыс тауып, өз әлеуетін жүзеге асыра алуы тиіс;
медициналық көмек қолжетімді әрі сапалы болуы қажет;
жергілікті кәсіпкерлік дамып, жаңа жұмыс орындары ашылуы керек;
әрбір тұрғын өз депутатына тікелей жүгініп, кері байланыс ала алуы тиіс.

ДЕПУТАТ РЕТІНДЕГІ МІНДЕТІМДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІН?

Мен тұрғындардың әрбір өтінішіне бейжай қарамай, көтерілген мәселелердің шешімін табуға күш салуға және қаламыздың дамуы мен тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды қолдауға дайынмын.

Әрбір тұрғынның пікірі ескеріліп, сөзіне құлақ асылуы тиіс.

Бес жыл ішінде барлық мәселені толық шешу мүмкін еместігін түсінемін. Алайда жүйелі жұмыс жүргізіп, нақты нәтижелерге қол жеткізуге, пайдалы бастамалар төңірегінде адамдарды біріктіруге және аудан үшін маңызды мәселелердің шешілуіне назар аударуды талап етуге болады.

Мен үшін бір қарапайым қағида маңызды: қала тұрғындарының әл-ауқатын ұмыт қалдырып, қаланың өркендеуі туралы айту мүмкін емес.

Ұстанымы: Ялкунжан Авамсалимов.
Тәжірибе. Шешім. Нәтиже. Ұраным: Талғар адамдардан басталады!

МОЯ ПОЗИЦИЯ

Я за город, в котором человеку комфортно жить, растить детей, работать и строить будущее.

Я за то, чтобы:
пожилые люди не оставались наедине со своими проблемами;
семьи, оказавшиеся в трудной ситуации, могли рассчитывать на поддержку;
дети имели возможности для развития, занятия спортом и получения образования;
молодёжь могла найти работу и реализовать себя в родном районе;
медицинская помощь была доступной и качественной;
местный бизнес развивался и создавал рабочие места;
жители могли напрямую обращаться к своему депутату и получать обратную связь.

КАКИМ Я ВИЖУ СВОЙ ДЕПУТАТСКИЙ ДОЛГ

Я готов внимательно относиться к обращениям жителей, содействовать решению возникающих вопросов и поддерживать инициативы, направленные на улучшение жизни города.

У каждого жителя есть право быть услышанным.

Я понимаю, что за пять лет невозможно решить абсолютно все проблемы. Но можно последовательно работать, добиваться конкретных результатов, объединять людей вокруг полезных инициатив и требовать внимания к вопросам, которые действительно важны для района.

Мне близка простая мысль: нельзя строить благополучие города, забывая о благополучии его жителей.

Ялкунжан Авамсалимов
Опыт. Решения. Результат. Талгар начинается с людей!

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрманалиев Мағауия Айталыұлы



ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Мен үшін туған жердің қадірі, елдің бірлігі, халықтың амандығы қашанда маңызды. Менің өмірлік ұстанымым — адал еңбек, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық және ел алдындағы жауапкершілік.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША

Мен, Құрманалиев Мағауия Айталыұлы, 1971 жылы 18 желтоқсанда Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылында дүниеге келдім. Еңбек жолымды ауыл шаруашылығы саласында бастадым. Ауыл тіршілігін, еңбектің қадірін жақсы білемін.

Орта арнаулы және жоғары білім алдым. Мамандығым — заңгер. Әскери борышымды өтеп, кейін құқық қорғау саласында қызмет атқардым. Одан кейін басқару, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және туризм салаларында еңбек еттім. Қазір «Котельников» шаруа қожалығының төрағасымын.

Мен үшін ең бастысы — адал еңбек ету, адамға құрметпен қарау және берген сөзде тұру.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

1. ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСАРТУ

Тұрғындардың күнделікті мәселелерін тыңдап, олардың шешілуіне депутаттық өкілеттіктер шеңберінде ықпал ету.

2. ЖОЛ, АУЫЗСУ ЖӘНЕ ЖАРЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Ауылішілік жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру, ауызсу жүйелерін жақсарту және елді мекендерді абаттандыру мәселелерін тұрақты көтеру.

3. БАЛАЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ — ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Балабақша мен мектептердің жағдайын жақсарту, балаларға қауіпсіз ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыру бастамаларын қолдау.

4. ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ, МҰҚТАЖҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Зейнеткерлердің, көпбалалы отбасылардың, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың әлеуметтік мәселелеріне назар аудару.

5. ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК БЕРУ

Бұл көрсеткіштер ауданның даму жоспарларында қала мен ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін қатар ескерудің маңызын көрсетеді. Жолдарды, коммуналдық желілерді және әлеуметтік нысандарды дамыту басымдықтары халық саны мен нақты қажеттіліктерге сай айқындалуы керек.

МОИ ПРИНЦИПЫ

Защита интересов жителей, открытость к предложениям и критике, контроль исполнения принятых решений и отчётность о проделанной работе — основа моей деятельности. Намерен учитывать потребности жителей города и сёл, последовательно поднимать вопросы с учётом их значимости.

Понимаю, что решить все проблемы сразу невозможно. Готов в рамках депутатских полномочий работать вместе с жителями, местными исполнительными органами и ответственными организациями, чтобы добиваться конкретных результатов, которые люди смогут увидеть и оценить.

Талгарский район сегодня

По данным статистики на середину 2026 года, численность населения Талгарского района составляет 275 182 человека, из них городское население — 66 083 человека, сельское — 209 099 человек. В городе Талгар проживает около 66 000 человек.

Эти показатели подчёркивают необходимость учитывать в планах развития района потребности жителей как города, так и сёл. Приоритеты развития дорог, коммунальных сетей и социальных объектов должны определяться с учётом численности населения и реальных потребностей людей.

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Джуаспаев Ғалымжан Досанұлы

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Мен, Джуаспаев Ғалымжан Досанұлы, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ленинское ауылында туып-өстім. 1997 жылы Шу ауданындағы Төле би атындағы орта мектепті тәмамдап, сол жылы Талдықорған заң колледжіне оқуға түстім. 2000 жылы аталған оқу орнын заң және халықаралық қатынастар бағыттары бойынша аяқтадым. Оқу барысында құқық саласындағы білімімді жетілдіріп, аудандық сотта, сондай-ақ Тараз қаласы мен Шу аудандық ішкі істер бөлімдерінде іс жүргізу бойынша тәжірибеден өттім. 2001 жылы әскери қызметке шақырылып, Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінде әскери ант қабылдадым. Әскери борышымды өтеу барысында жауапкершілік пен тәртіптілікті басты ұстаным етіп, өзіме жүктелген міндеттерді абыроймен атқаруға күш салдым. Қызмет барысында I дәрежелі «Қайсар» орденімен және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің үздік грамотасымен марапатталдым. 2003 жылы әскери қызметімді аяқтап, запасқа шықтым.



Өмірлік ұстанымым — елге адал қызмет ету, азаматтардың мүддесін қорғау және қоғам игілігі жолында еңбек ету. Заң саласындағы білімім мен әскери қызметте жинақтаған тәжірибемді ел дамуына үлес қосуға, халықтың талап-тілегіне құлақ асып, өзекті мәселелердің шешілуіне атсалысуға бағыттауды мақсат етемін. Кәсіби қызметім барысында инфрақұрылымды күтіп ұстау және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау мәселелерімен айналыстым. Осы тәжірибе нақты шешімдер қабылдау мен ашық есеп берудің маңызын ұғындырды.

Ауданның дамуы халықты күнделікті толғандыратын мәселелерді шешуден басталады. Олар – жолдардың жағдайы, ауызсудың сапасы, медицина мен білімнің қолжетімділігі, жұмыс орындары және балаларымыздың болашағы.

Әрбір елді мекенге тиісті көңіл бөлініп, тұрғылықты жеріне қарамастан барлық тұрғынға лайықты өмір сүру жағдайы жасалуға тиіс деп сенемін. Мен үшін әділдік пен халық алдындағы жауапкершіліктің мәні осында.

Бағдарламам «Әділет» партиясының құндылықтары мен бағдарламалық басымдықтарына негізделген. Басты назарда қордаланған мәселелерді шешумен қатар, ауыл кәсіпкерлігін дамыту, еңбек адамын қолдау, жастарға мүмкіндік жасау және туған жерді сақтау міндеттері тұр.

Міндеттемелерімнің негізінде нақты міндеттер, нысандар мен мерзімдер жатыр. Олардың даму жоспарлары мен аудандық бюджетте ескерілуіне қол жеткізіп, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылап, тұрғындар алдында ашық есеп беремін.

Мен үшін депутаттық жұмыстың басты нәтижесі – халықтың өміріндегі нақты өзгерістер.

Құрметпен, Галымжан Джуаспаев

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Я, Джуаспаев Галымжан Досанович, родился и вырос в селе Ленинское Шуского района Жамбылской области. В 1997 году окончил среднюю школу имени Толе би в Шуском районе, в том же году поступил в Талдыкорганский юридический колледж. В 2000 году завершил обучение по направлениям права и международных отношений.

Во время учёбы я совершенствовал свои знания в правовой сфере, проходил практику по делопроизводству в районном суде, а также в отделах внутренних дел города Тараза и Шуского района.

В 2001 году был призван на военную службу и принял военную присягу в воинской части № 5571 города Алматы. Во время прохождения военной службы главными принципами для меня были ответственность и дисциплина. Я стремился добросовестно выполнять все возложенные на меня обязанности. За время службы был награждён орденом «Қайсар» I степени и Почётной грамотой Министерства внутренних дел Республики Казахстан. В 2003 году завершил военную службу и был уволен в запас.

Мой жизненный принцип — честно служить своей стране, защищать интересы граждан и трудиться на благо общества. Свои знания в области права и опыт, приобретённый во время военной службы, я намерен направить на вклад в развитие страны, защиту интересов населения, внимание к запросам жителей и содействие решению актуальных проблем.

В ходе своей профессиональной деятельности я занимался вопросами содержания инфраструктуры и взаимодействия с государственными органами. Этот опыт позволил мне понять важность принятия конкретных решений и открытой отчётности.

Развитие района начинается с решения повседневных проблем, которые волнуют население. Это состояние дорог, качество питьевой воды, доступность медицинских и образовательных услуг, рабочие места и будущее наших детей.

Я убеждён, что каждому населённому пункту должно уделяться должное внимание, а всем жителям, независимо от места проживания, должны быть созданы достойные условия для жизни. Именно в этом я вижу суть справедливости и ответственности перед народом.

Моя программа основана на ценностях и программных приоритетах партии «Әділет». Наряду с решением накопившихся проблем, основное внимание будет уделено развитию сельского предпринимательства, поддержке трудящихся, созданию возможностей для молодёжи и сохранению родного края.

В основе моих обязательств лежат конкретные задачи, объекты и сроки их реализации. Я буду добиваться их включения в планы развития и районный бюджет, контролировать исполнение принятых решений и открыто отчитываться перед жителями.

Для меня главный результат депутатской работы — реальные изменения в жизни людей.

С уважением, Галымжан Джуаспаев

Джуаспаев Галымжан Досанович

2026–2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

• Кендала ауылындағы №42 мектептің оқушы сыйымдылығына байланысты мәселесін шешу үшін жаңа мектеп салу немесе қолданыстағы ғимаратқа қосымша құрылыс салу мәселесін көтеру.
• Білім беру нысандарының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту мәселесін тиісті органдар алдында көтеру.
Қуатты өңірлер – қуатты ел!

СУМЕН ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ, КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

• Кендала ауылының батыс бөлігіндегі жаңа тұрғын үй алаптарының су жүйесін реттеу, жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және бюджет қаражатын бөлу мәселесін көтеру.
• Су құбырларының техникалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге және апаттық жағдайлардың алдын алуға ықпал ету.
• Су жүйелерін тиісті коммуналдық ұйымдардың балансына беру жұмыстарын бақылау.
• Электр және су желілерінің жағдайын түгендеу, олардың техникалық құжаттамасын әзірлеуге ықпал ету.
• Жеке кәсіпкерлер мен саяжай тұтыну кооперативтерінің балансындағы инженерлік желілерді тиісті коммуналдық ұйымдардың балансына беру мәселесін көтеру.
• Электрмен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру және тұрғындарды сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етуге атсалысу.
• Ауылішілік жолдардың жағдайын жақсарту, жөндеуді қажет ететін учаскелерді анықтау және оларды жөндеу жұмыстарына бюджет қаражатын қарастыру жөнінде ұсыныстар енгізу.
• Инфрақұрылымдық мәселелердің шешілу барысын тұрақты бақылау.
• Көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу мәселесін көтеру.
• Балалар ойын алаңдарын жөндеу және жаңарту үшін бюджет қаражатын бөлуге ықпал ету.
• Аула аумақтарын қалпына келтіру және тұрғындардың демалуына қолайлы жағдай жасау жұмыстарын бақылау.
• Елді мекендердің санитарлық тазалығын жақсарту және қоғамдық кеңістіктерді күтіп ұстау мәселелеріне назар аудару.

ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕ ЖӘНЕ АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУ

Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несие беру аясын кеңейтуге, жеке қосалқы шаруашылықтарды, отбасылық кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға жәрдемдесу. Аудан тұрғындары үшін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыруға қол жеткізу.

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

• Кендала ауылындағы зиратқа арналған жер учаскесін рәсімдеу жұмыстарын аяқтауға қажетті қаражат бөлу мәселесін көтеру.
• Кендала және Ақдала ауылдарындағы иесіз деп танылған шаруашылық суару арықтарын заңнамада белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке қабылдау мәселесін шешуге атсалысу.

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026–2031 ГОДЫ

КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ — ЗАЛОГ СВЕТЛОГО БУДУЩЕГО

Поднять вопрос о строительстве новой школы или возведении дополнительного корпуса к существующему зданию для решения проблемы нехватки ученических мест в школе № 42 села Кендала.
Поднимать перед соответствующими органами вопрос об улучшении материально-технического состояния образовательных учреждений.

СИЛЬНЫЕ РЕГИОНЫ — СИЛЬНАЯ СТРАНА!

ВОДОСНАБЖЕНИЕ И ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ, КОММУНАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА

Решить вопрос с системой водоснабжения новых жилых массивов в западной части села Кендала, инициировать разработку проектно-сметной документации и выделение бюджетных средств.
Содействовать обеспечению соответствия водопроводных сетей техническим требованиям и предотвращению аварийных ситуаций.
Контролировать работу по передаче систем водоснабжения на баланс соответствующих коммунальных организаций.
Провести инвентаризацию состояния электрических и водопроводных сетей, содействовать разработке их технической документации.
Поднимать вопрос о передаче инженерных сетей, находящихся на балансе частных предпринимателей и дачных потребительских кооперативов, на баланс соответствующих коммунальных организаций.
Содействовать повышению надёжности системы электроснабжения и обеспечению жителей качественными коммунальными услугами.
Улучшить состояние внутрисельских дорог, выявить участки, нуждающиеся в ремонте, и внести предложения о выделении бюджетных средств на проведение ремонтных работ.
Обеспечить постоянный контроль за ходом решения инфраструктурных проблем.
Поднимать вопрос о разработке проектно-сметной документации по благоустройству дворов многоквартирных жилых домов.
Содействовать выделению бюджетных средств на ремонт и обновление детских игровых площадок.
Контролировать работы по восстановлению дворовых территорий и созданию комфортных условий для отдыха жителей.
Уделять внимание улучшению санитарного состояния населённых пунктов и содержанию общественных пространств.

ДОСТУПНОЕ КРЕДИТОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

В рамках программы «Ауыл аманаты» содействовать расширению возможностей предоставления льготных кредитов сельским жителям, развитию личных подсобных хозяйств, семейного предпринимательства и сельскохозяйственных кооперативов.
Добиваться повышения доступности мер государственной поддержки для жителей района.

ЗЕМЕЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ И БЕЗОПАСНОСТЬ СЕЛЬСКИХ ЖИТЕЛЕЙ

Поднять вопрос о выделении необходимых средств для завершения работ по оформлению земельного участка под кладбище в селе Кендала.
Содействовать решению вопроса о принятии бесхозных оросительных каналов в сёлах Кендала и Акдала в коммунальную собственность в порядке, установленном законодательством.

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Ауданымыздың басты байлығы – оның халқы. Туған жерін сүйетін, адал еңбек етіп, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын тұрғындарымыз – өңіріміздің дамуы мен өркендеуінің негізі.

Әрбір ауылға тиісті көңіл бөлініп, әр отбасының лайықты өмір сүруіне жағдай жасалуы тиіс. Сапалы жол, қолжетімді әлеуметтік қызметтер, тұрақты жұмыс орындары мен жастарға арналған мүмкіндіктер құр уәде күйінде қалмай, тұрғындардың күнделікті өмірінен нақты көрініс табуы қажет.

Барлық мәселені бірден шешу мүмкін емес екенін түсінемін. Дегенмен, ортақ мақсатқа ұмтылып, бірлесе әрекет етсек, кез келген мәселенің шешімін табуға болады.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында ауданымызды өмір сүруге, еңбек етуге және бала тәрбиелеуге қолайлы, келешек ұрпаққа үлгі болатын мекенге бірге айналдыра аламыз!

МЕНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫМ

Әр тұрғынға әділ қарау, әр ауылдың жайын ескеру. Адал еңбекті қадірлеу, айтқан сөзіме берік болып, атқарған ісіме жауап беру. Елмен ашық сөйлесіп, халықтың мүддесін қорғау.

Айтар тілектеріңіз бен ұсыныстарыңызға, сын-ескертпелеріңізге әрдайым құлақ асамын. Әрқайсыңызды мұқият тыңдап, толғандырған мәселелеріңіздің байыбына баруға, шешімін табу үшін бар күшімді салуға дайынмын.

Сайлауға келіңіздер! Маған дауыс беріңіздер!

УВАЖАЕМЫЕ ЗЕМЛЯКИ!

Главное богатство нашего района — это его жители. Люди, которые любят родной край, честно трудятся и ответственно относятся к своему делу, являются основой развития и процветания нашего региона.

Каждому селу должно уделяться должное внимание, а каждой семье должны быть созданы достойные условия для жизни. Качественные дороги, доступные социальные услуги, стабильные рабочие места и возможности для молодёжи не должны оставаться лишь обещаниями, а должны находить реальное отражение в повседневной жизни жителей.

Я понимаю, что невозможно решить все проблемы сразу. Однако, если мы будем стремиться к общей цели и действовать сообща, мы сможем найти решение любой проблемы.

Вместе и ноша легче. Благодаря нашему единству и сплочённости мы можем вместе превратить наш район в территорию, комфортную для жизни, труда и воспитания детей, которая станет примером для будущих поколений!

МОИ ПРИНЦИПЫ

Справедливое отношение к каждому жителю, внимание к проблемам каждого села. Уважение к честному труду, верность своим словам и ответственность за свои поступки. Открытый диалог с населением и защита интересов народа.

Я всегда готов выслушать ваши пожелания, предложения, замечания и критические отзывы. Готов внимательно выслушать каждого, разобраться в волнующих вас вопросах и приложить все усилия для поиска их решения.

Приходите на выборы! Отдайте за меня свой голос!

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Данаев Болатжан Алпысбайұлы



ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Мен, Данаев Болатжан Алпысбайұлы, Жамбыл облысында туып-өстім. Мамандығым – «Жылумен және газбен қамтамасыз ету желдету және ауаны қорғау».

Менің депутаттық бағдарламам «Әділет» партиясының құндылықтары мен бағдарламалық басымдықтарына негізделеді. Негізгі бағыттар – өзекті инфрақұрылымдық және әлеуметтік мәселелерді шешу, ауыл кәсіпкерлігін дамыту, еңбек адамын қолдау, жастардың әлеуетін іске асыруға мүмкіндік жасау және туған өлкенің табиғи әрі қоғамдық құндылықтарын сақтау.

Қойылған міндеттердің орындалуы нақты іс-шараларға, белгіленген мерзімдерге және қолжетімді ресурстарға негізделуге тиіс. Осы мақсатта тұрғындардың өзекті мәселелерін тиісті органдардың қарауына ұсынып, оларды даму жоспарлары мен аудандық бюджетті қалыптастыру кезінде ескеруге ықпал етемін. Сонымен қатар қабылданған шешімдердің орындалу барысын бақылауға, атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы халыққа тұрақты әрі ашық есеп беруге басымдық беремін.

Мен үшін депутаттық қызметтің басты өлшемі – қабылданған шешімдердің нақты нәтижесі және аудан тұрғындарының өмір сүру сапасының жақсаруы.

Құрметпен, Данаев Болатжан

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Я, Данаев Болатжан Алпысбайулы, родился и вырос в Жамбылской области. Моя специальность — «Теплогазоснабжение, вентиляция и охрана воздушной среды».

Моя депутатская программа основана на ценностях и программных приоритетах партии «Әділет». Основные направления — решение актуальных инфраструктурных и социальных проблем, развитие сельского предпринимательства, поддержка человека труда, создание возможностей для реализации потенциала молодёжи и сохранение природных и общественных ценностей родного края.

Для выполнения поставленных задач нужны конкретные мероприятия, установленные сроки и доступные ресурсы. Для этого я буду выносить насущные вопросы жителей на рассмотрение соответствующих органов и добиваться, чтобы их учитывали при разработке планов развития и формировании районного бюджета. Особое внимание буду уделять контролю за исполнением принятых решений, а также регулярной и открытой отчётности перед жителями о результатах проделанной работы.

Для меня главный критерий депутатской работы — конкретные результаты принятых решений и повышение качества жизни жителей района.

С уважением, Данаев Болатжан

Данаев Болатжан Алпысбайулы

2026–2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН НАҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. ЖОЛДАР МЕН КӨЛІК

Нұра ауылындағы Төле би, Дулат, Бәйдібек көшелері мен Нуринская водокачка ықшам ауданында, сондай-ақ Туғанбай ауылының және Өстемір ауылының жаңа құрылыс ықшам аудандарындағы көшелерге қиыршық тас төсеу және жол салу жұмыстарын жүргізу.

2. СУМЕН ЖӘНЕ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ, КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Тозығы жеткен инженерлік желілерді жаңарту және жөндеу, ауылдық елді мекендерді электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету, сондай-ақ көшелерді жарықтандыру желісін кеңейту мәселелеріне басымдық беру.
Нақты атқарылатын жұмыстар:
- Нұра ауылының Төле би, Дулат, Нұра-2 және №11 ықшам ауданы көшелеріне электр бағаналарын орнату;
- Нұра ауылындағы Молдахмет және Ыбырайыл көшелерінің екі жағына электр бағаналарын орнату;
- Досмұхамбет көшесіне электр бағаналарын орнату.
- Туғанбай, Қаратоған, Өстемір ауылдарына газ құбырын жүргізу.

3. ҚОЛЖЕТІМДІ НЕСИЕ ЖӘНЕ АУЫЛ КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМЫТУ

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несие беру аясын кеңейтуге, жеке қосалқы шаруашылықтарды, отбасылық кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытуға жәрдемдесу. Аудан тұрғындары үшін мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыруға қол жеткізу.

4. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

Жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету, ветеринариялық инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мәселелерінде ауыл тұрғындарының мүддесін қорғау. Жергілікті фермерлер мен жеке қосалқы шаруашылықтардың өнімдерін сатуға арналған, тиісті түрде жабдықталған алаң құруға қол жеткізу.

5. ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Шағын және орта бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және инвестиция тарту арқылы жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашуға қолдау көрсету. Халықты жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту және жас кәсіпкерлердің бастамаларын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына жәрдемдесу. Құс фабрикасын іске қосу арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға ықпал ету.

6. ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ САПАЛЫ МЕДИЦИНА

Ауылдық амбулаторияның жабдықталуын жақсартуға қол жеткізу.

7 ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Қарт адамдар, балалы отбасылар және мүгедектігі бар адамдар үшін мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің қолжетімді болуын қамтамасыз етуге күш салу. Әлеуметтік осал азаматтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға және аудан мекемелерінде қолжетімді орта қалыптастыруға жәрдемдесу.

8. ТАЗА ӘРІ АБАТТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЛДАР

«Таза Қазақстан» бастамасы аясында Нұра ауылдық округінің көшелерін абаттандыруға, қалдықтарды жинау мен шығару жүйесін жақсартуға, елді мекендерді көгалдандыруға және жайлы қоғамдық кеңістіктер құруға қол жеткізу.

КОНКРЕТНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА НА 2026–2031 ГОДЫ

1. ДОРОГИ И ТРАНСПОРТ

Провести работы по отсыпке щебнем и строительству дорог на улицах Толе би, Дулат и Байдибек в селе Нура, в микрорайоне «Нуринская водокачка», а также на улицах микрорайонов новой застройки в сёлах Туганбай и Остемир.

2. ВОДОСНАБЖЕНИЕ, ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ И КОММУНАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА

Уделить первоочередное внимание обновлению и ремонту изношенных инженерных сетей, бесперебойному электроснабжению сельских населённых пунктов и расширению сети уличного освещения.
Конкретные работы:
Сильные регионы — сильная страна!
* Установить опоры линий электропередачи на улицах Толе би, Дулат и Нура-2, а также на улицах микрорайона № 11 села Нура.
* Установить опоры линий электропередачи по обеим сторонам улиц Молдахмет и Ыбырайыл в селе Нура.
* Установить опоры линий электропередачи на улице Досмухамбет.
* Проложить газопровод к сёлам Туганбай, Каратоган и Остемир.

3. ДОСТУПНОЕ КРЕДИТОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

В рамках программы «Ауыл аманаты» содействовать расширению льготного кредитования сельских жителей, развитию личных подсобных хозяйств, семейного предпринимательства и сельскохозяйственных кооперативов. Добиваться повышения доступности мер государственной поддержки для жителей района.

4. ПОДДЕРЖКА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

Защищать интересы сельских жителей в вопросах обеспечения пастбищными угодьями, развития ветеринарной инфраструктуры и повышения доступности сельскохозяйственных услуг. Добиться создания надлежащим образом оборудованной площадки для продажи продукции местных фермеров и личных подсобных хозяйств.

5. НОВЫЕ РАБОЧИЕ МЕСТА И ДОХОДЫ СЕЛЬСКИХ ЖИТЕЛЕЙ

Поддерживать создание новых постоянных рабочих мест за счёт развития малого и среднего бизнеса, переработки сельскохозяйственной продукции и привлечения инвестиций. Содействовать реализации государственных программ, направленных на трудоустройство населения, профессиональное обучение и поддержку инициатив молодых предпринимателей. Содействовать созданию новых рабочих мест и обеспечению местных жителей постоянной работой за счёт запуска птицефабрики.

6. ДОСТУПНАЯ И КАЧЕСТВЕННАЯ МЕДИЦИНА

Добиться улучшения оснащения сельской амбулатории.

7 СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА И ПОДДЕРЖКА СЕМЕЙ

Прилагать усилия для обеспечения доступности государственных социальных услуг для пожилых людей, семей с детьми и людей с инвалидностью. Содействовать улучшению условий жизни социально уязвимых граждан и созданию доступной среды в учреждениях района.

8. ЧИСТЫЕ И БЛАГОУСТРОЕННЫЕ СЕЛА

В рамках инициативы «Таза Қазақстан» добиваться благоустройства улиц Нуринского сельского округа, улучшения системы сбора и вывоза отходов, озеленения населённых пунктов и создания комфортных общественных пространств.

ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Ауданымыздың басты байлығы – оның халқы. Туған жерінің дамуына үлес қосып, адал еңбегімен ел игілігін арттырып жүрген әрбір тұрғын – ауданымыздың тірегі әрі негізгі құндылығы.

Менің басты мақсатым – Нұра ауылдық округінің әрбір ауылына бірдей көңіл бөлініп, әр отбасының әл-ауқатын арттыруға және тұрғындардың сапалы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға ықпал ету. Сапалы жолдар, қолжетімді әлеуметтік қызметтер, тұрақты жұмыс орындары, жастарға арналған жаңа мүмкіндіктер – мұның барлығы тек сөз жүзінде емес, нақты істер арқылы жүзеге асуы тиіс.

Әрине, қордаланған мәселелердің барлығын бірден шешу мүмкін емес. Алайда әрбір мәселені назардан тыс қалдырмай, оның шешілу жолдарын қарастырып, нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу маңызды. Депутаттық өкілеттігім аясында тұрғындардың мүддесін қорғауға, олардың ұсыныстары мен өтініштерін тиісті деңгейде көтеруге және өзекті мәселелердің оң шешімін табуына күш салуға дайынмын. Мен үшін ең бастысы – халық алдындағы жауапкершілікті сезіну, берген уәдемді нақты іспен дәлелдеу және сенімді ақтау.

МЕНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫМ

Менің жұмысымның негізгі қағидаттары – әр тұрғынға әділ қарау, әр ауылдың тыныс-тіршілігі мен өзекті мәселелерін ескеру, адал еңбекті бағалау және халық алдындағы жауапкершілікті сезіну.

Сіздердің әрбір ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз, сын-пікірлеріңіз мен үшін маңызды. Әр тұрғынның пікіріне құрметпен қарап, мұқият тыңдауға, көтерілген мәселелердің мән-жайын жан-жақты зерделеп, олардың шешімін табу жолында жүйелі жұмыс жүргізуге дайынмын. Өйткені халықпен ашық байланыс орнатып, ортақ мәселелерді бірлесе шешу – нәтижелі жұмыстың негізі.

Сайлауға келіңіздер! Маған дауыс беріңіздер!

ДОРОГИЕ ЗЕМЛЯКИ!

Главное богатство нашего района — его жители. Каждый, кто вносит вклад в развитие родного края и своим честным трудом служит общему благу, — опора и главная ценность нашего района.

Моя главная цель — добиваться того, чтобы каждому селу Нуринского сельского округа уделялось равное внимание, чтобы росло благосостояние каждой семьи и создавались условия для повышения качества жизни жителей. Качественные дороги, доступные социальные услуги, стабильные рабочие места и новые возможности для молодёжи — всё это должно воплотиться в конкретных делах.

Конечно, решить все накопившиеся проблемы сразу невозможно. Однако важно уделять внимание каждой из них, искать пути решения и вести системную работу, нацеленную на результат. В рамках депутатских полномочий я готов защищать интересы жителей, поднимать их предложения и обращения на соответствующем уровне и прилагать усилия для решения насущных вопросов. Для меня главное — осознавать свою ответственность перед людьми, подтверждать данные обещания конкретными делами и оправдывать доверие.

МОИ ПРИНЦИПЫ

Основные принципы моей работы — справедливо относиться к каждому жителю, учитывать особенности жизни и насущные проблемы каждого села, ценить честный труд и осознавать свою ответственность перед людьми.

Для меня важны каждое ваше предложение, каждое пожелание и каждое критическое замечание. Я готов с уважением относиться к мнению каждого жителя, внимательно выслушивать людей, всесторонне изучать обстоятельства поднятых вопросов и последовательно работать над их решением. Открытый диалог с жителями и совместное решение общих проблем — основа результативной работы.

ТАЛҒАР АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бозымбекова Динара Боларбековна



ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Халықтың сенімі — жауапкершіліктің ең биік өлшемі. Мен үшін туған өлкенің келешегі әрбір отбасының тұрмыс сапасынан, баланың қауіпсіздігінен, жастың мүмкіндігінен және ауылдың күнделікті тыныс-тіршілігінен басталады. №16 сайлау округі тұрғындарының ұсыныстары мен өзекті мәселелерін ашық талқылап, оларды заңды әрі жүйелі жолмен шешуге ықпал етуді мақсат етемін.

КӘСІБИ ЕҢБЕК ЖОЛЫМ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІМ

1981ж 14 шілдеде Жамбыл облысы, Талас ауданында дүниеге келдім. 2003ж әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, 2005ж Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтын филология ғылымдарының магистрі дәрежесі бойынша тәмамдадым. Педагог-зерттеуші және бірінші санатты басшы біліктілігіне иемін.

Еңбек жолымды педагогикалық қызметтен бастап, мектептерде, жоғары оқу орындарында және колледждерде педагогикалық әрі басшылық қызметтер атқардым. Қазіргі уақытта, Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің директоры, Алматы облысының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары директорлары кеңесінің төрайымы, Алматы облысы әкімдігі жанындағы Ғылыми кеңестің мүшесімін. Сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары басшыларының, басшы орынбасарларының және педагогтерінің республикалық шығармашылық тобының мүшесімін. Кәсіби қызметімде білім сапасын арттыруға, білікті мамандар даярлауға және серіктестікті дамытуға үлес қосудамын.

Білім беру саласындағы еңбегім үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталдым.

УВАЖАЕМЫЕ ИЗБИРАТЕЛИ!

Доверие людей — высшая мера ответственности. Для меня будущее родного края начинается с качества жизни каждой семьи, безопасности детей, возможностей для молодёжи и повседневной жизни села. Моя цель — открыто обсуждать предложения жителей избирательного округа № 16 и волнующие их вопросы, а также содействовать системному решению этих вопросов в рамках закона.

МОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ПУТЬ И ДОСТИЖЕНИЯ

Я родилась 14 июля 1981 года в Таласском районе Жамбылской области. В 2003 году окончила Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, в 2005 году — Казахский государственный женский педагогический институт, где получила степень магистра филологических наук. Имею квалификацию педагога-исследователя и руководителя первой категории.

Трудовую деятельность начала с педагогической работы. Занимала педагогические и руководящие должности в школах, высших учебных заведениях и колледжах. В настоящее время я являюсь директором Талгарского колледжа агробизнеса и менеджмента, председателем Совета директоров организаций технического и профессионального, послесреднего образования Алматинской области и членом Научного совета при акимате Алматинской области. Также вхожу в республиканскую творческую группу руководителей, заместителей руководителей и педагогов организаций технического и профессионального, послесреднего образования. В своей профессиональной деятельности вношу вклад в повышение качества образования, подготовку квалифицированных специалистов и развитие партнёрства.

За работу в сфере образования награждена нагрудным знаком «Почётный работник образования» и Благодарственным письмом Президента Республики Казахстан.

Бозымбекова Динара Боларбековна

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

1. ЖОЛ ЖӘНЕ КӨЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

Ауылішілік жолдардың жағдайын зерделеп, жөндеуді қажет ететін көшелерді басымдықпен жоспарға енгізуге ықпал ету; мектептер мен балабақшаларға апаратын бағыттарда қауіпсіз өткелдер, жол белгілері, жарықтандыру және жылдамдықты шектеу құралдары мәселесін көтеру; жаяу жүргіншілер жолын дамыту және Алматы–Талғар бағытындағы көлік жүктемесіне қатысты ұсыныстар әзірлеу.

2. АУЫЗСУ, ЭЛЕКТР ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

Тұрақты әрі сапалы ауызсумен қамту жобаларының қажеттілігін негіздеу; тозған электр желілерін жаңғырту және іркілістерді азайту мәселесін жауапты мекемелермен көтеру; қоқыс контейнерлерінің жеткіліктілігі мен қалдықтардың уақтылы шығарылуына қоғамдық бақылауды күшейту.

3. БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығын шешу үшін халық санының өсуіне сай инфрақұрылымды жоспарлауға ықпал ету; білім ұйымдарының материалдық-техникалық базасын, цифрлық жабдықталуын және қауіпсіздігін жақсарту; қосымша білім мен кәсіби бағдар беру мүмкіндіктерін кеңейтуді қолдау.

4. ЖАСТАР, СПОРТ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРТА

Жастарға арналған спорт алаңдары, Street Workout аймақтары мен қолжетімді демалыс кеңістіктерін дамыту; жастардың кәсіптік білім алуына, еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды меңгеруіне және қоғамдық бастамаларға қатысуына жағдай жасау жөнінде ұсыныстар енгізу.

5. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК

Жергілікті кәсіпкерлердің ұсыныстарын тыңдап, шағын және орта бизнесті қолдау тетіктері туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру; жастар мен әйелдердің кәсіпкерлік бастамаларына, қысқа мерзімді кәсіптік курстарға және жұмыс берушілермен әріптестікке қолдау көрсету.

6. ҚОЛЖЕТІМДІ МЕДИЦИНА

Алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігі, дәрігерлер қабылдауы мен профилактикалық қызмет сапасы жөніндегі тұрғындар ұсыныстарын жинақтап, тиісті денсаулық сақтау ұйымдарына жеткізу; балалар, қарттар және ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін медициналық қызметке қол жеткізу мәселелерін көтеру.

7. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИЯ

Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға, қарттарға, мүгедектігі бар азаматтарға арналған қолдау шаралары туралы түсіндіруді күшейту; әлеуметтік нысандардың кедергісіз қолжетімділігін және мемлекеттік қызметтерге тең қол жеткізуді назарда ұстау.

8. ТАЗАЛЫҚ, КӨГАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

Ауыл көшелерін абаттандыру, ағаш отырғызу, қоғамдық орындарды күтіп ұстау және заңсыз қоқыс орындарының алдын алу бастамаларын қолдау; тұрғындармен бірлескен экологиялық акциялар мен тұрақты тазалық мәдениетін дамыту.

9. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП

Көшелердің жарықтандырылуын, балалар жүретін бағыттардың қауіпсіздігін, қоғамдық орындардың жай-күйін тұрақты көтеру; құқықтық сауаттылықты арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында қоғамдық әріптестікті нығайту.

10. АШЫҚ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК
ІСКЕ АСЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Халық мүддесі — нақты қажеттіліктерге сүйену; ашықтық — көтерілген мәселелердің қаралуы туралы есеп беру; жүйелілік — басымдықтарды кезең-кезеңімен шешуге ұмтылу; әріптестік — әкімдікпен, мәслихатпен, тиісті мекемелермен және тұрғындармен бірлескен жұмыс. Депутаттың өкілеттігі шегінде ұсыныстар енгізу, депутаттық сауал жолдау және қоғамдық бақылау тетіктерін пайдалану көзделеді.
Сіздердің пікірлеріңіз — менің бағдарламамның негізі. Ортақ мақсатымыз — қауіпсіз, көркейген, өмір сүруге жайлы ауыл!

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ОБЯЗАТЕЛЬСТВА

1. ДОРОГИ И БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ

Изучить состояние внутрисельских дорог и содействовать первоочередному включению в план улиц, требующих ремонта. Поднимать вопросы обустройства безопасных переходов, установки дорожных знаков, освещения и средств ограничения скорости на маршрутах к школам и детским садам. Содействовать развитию пешеходных дорожек и подготовить предложения по транспортной нагрузке на направлении Алматы — Талгар.

2. ПИТЬЕВАЯ ВОДА, ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЕ И КОММУНАЛЬНЫЕ УСЛУГИ

Обосновывать необходимость проектов, которые обеспечат бесперебойную подачу качественной питьевой воды. Поднимать перед ответственными организациями вопросы модернизации изношенных электросетей и сокращения перебоев в электроснабжении. Усиливать общественный контроль за тем, чтобы мусорных контейнеров было достаточно, а отходы вывозили вовремя.

3. ОБРАЗОВАНИЕ И БУДУЩЕЕ ДЕТЕЙ

Содействовать планированию образовательной инфраструктуры с учётом роста населения, чтобы решить проблему нехватки мест в школах и детских садах. Содействовать укреплению материально-технической базы организаций образования, улучшению их цифрового оснащения и повышению безопасности. Поддерживать расширение возможностей для дополнительного образования и профессиональной ориентации.

4. МОЛОДЁЖЬ, СПОРТ И КУЛЬТУРНАЯ СРЕДА

Содействовать развитию спортивных площадок, зон для уличного воркаута и доступных мест отдыха для молодёжи. Вносить предложения по созданию условий для того, чтобы молодые люди могли получать профессиональное образование, осваивать востребованные на рынке труда навыки и участвовать в общественных инициативах.

5. ЗАНЯТОСТЬ И ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

Выслушивать предложения местных предпринимателей и повышать доступность информации о мерах поддержки малого и среднего бизнеса. Поддерживать предпринимательские инициативы молодёжи и женщин, краткосрочные профессиональные курсы и партнёрство с работодателями.

6. ДОСТУПНАЯ МЕДИЦИНА

Собирать предложения жителей о доступности первичной медицинской помощи, приёме у врачей и качестве профилактических услуг и передавать их в соответствующие организации здравоохранения. Поднимать вопросы доступности медицинских услуг для детей, пожилых людей и граждан с особыми потребностями.

7. СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА И ИНКЛЮЗИЯ

Активнее информировать многодетные и малообеспеченные семьи, пожилых людей и граждан с инвалидностью о доступных мерах поддержки. Держать на контроле вопросы беспрепятственного доступа к социальным объектам и равного доступа к государственным услугам.

8. ЧИСТОТА, ОЗЕЛЕНЕНИЕ И ЭКОЛОГИЯ

Поддерживать инициативы по благоустройству сельских улиц, посадке деревьев, содержанию общественных мест и предотвращению появления стихийных свалок. Проводить экологические акции вместе с жителями и формировать привычку поддерживать чистоту.

9. БЕЗОПАСНОСТЬ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ПОРЯДОК

Регулярно поднимать вопросы уличного освещения, безопасности маршрутов, по которым ходят дети, и состояния общественных мест. Укреплять сотрудничество с общественностью для повышения правовой грамотности и профилактики правонарушений.

10. ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ И ПОДОТЧЁТНОСТЬ
ПРИНЦИПЫ РЕАЛИЗАЦИИ

Работать в интересах жителей — значит исходить из их реальных потребностей. Открытость — отчитываться о ходе рассмотрения поднятых вопросов. Системность — последовательно решать первоочередные задачи. Партнёрство — работать совместно с акиматом, маслихатом, профильными организациями и жителями.
В пределах депутатских полномочий предусмотрено внесение предложений, направление депутатских запросов и использование механизмов общественного контроля.
Ваше мнение — основа моей программы. Наша общая цель — безопасное, благоустроенное и комфортное для жизни село!

ГАЗЕТІМІЗДІҢ ОСЫ САНЫНДАҒЫ 2-11 БЕТТЕГІ Талғар аудандық мәслихаты депутаттығына кандидаттардың өмірбаяны мен сайлауалды бағдармалары Республикалық бюджет қаржысынан төленді

● МӘДЕНИЕТ

Жастарға жол ашқан тағылымды кездесу

Жастардың болашағына бағыт-бағдар беріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын тағылымды басқосулардың орны әрдайым ерекше. Осындай маңызды шаралардың бірі – «Хантәңірі қырандары» ұйымының ұйымдастыруымен өткен кәсіпкерлік пен шығармашылық бағытындағы форум.



Аталған форумға кәсіпкер, жазушы Азамат Скаков және кәсіпкер Ұлан Құрманғалиев қатысып, Райымбек ауданының оқушыларымен мазмұнды кездесу өткізді. Басқосудың басты мақсаты – жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейту, кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және болашаққа деген сенімін нығайту.

Форум барысында қонақтар өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, кәсіпкерлік саласының қыр-сырын, жеке істі бастаудың жолдарын, кітап жазудың ерекшеліктері мен шығармашылық ізденістің маңызын кеңінен түсіндірді. Әрбір айтылған ой жастарға жаңа көзқарас қалыптастырып, тың идеяларға жетеледі.

Әсіресе, кітап жазу тақырыбына қатысты әңгімелер ерекше қызығушылық тудырды. Себебі кітап – адамның ішкі дүниесін, өмірлік ұстанымын, қоғамға айтар ойын жеткізетін рухани мұра. Жазушылық жолға түсу үшін үздіксіз ізденіс, терең ой, сауатты сөз және үлкен жауапкершілік қажет екені айтылды.

Сонымен қатар кәсіпкерлік туралы сөз қозғалып, табысқа жетудің негізгі жолдары талқыланды. Кәсіпкер болу тек қаржы табумен шектелмейді. Ол – идеяны жүзеге асыру, батыл шешім қабылдау, жауапкершілік алу және қоғамға пайдалы іс жасау. Қонақтардың тәжірибесі арқылы оқушылар кәсіп әлеміне қатысты көптеген тың ақпарат алды.

Кездесудің тағы бір маңызды тұсы – оқушылардың өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, көкейлеріндегі ойларын ортаға салуына мүмкіндік берілуі. Мұндай ашық диалог жастардың бойындағы сенімді арттырып қана қоймай, олардың болашаққа деген көзқарасын да кеңейтеді.

Өз тілшімізден.
Райымбек ауданы.

● ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

«Дорогу осилит идущий»: в Қонаеве чествовали Зинаиду Волкову

6 ноября в Доме культуры города Қонаев прошло юбилейное мероприятие, объединившее сразу три значимые даты: 80-летие Зинаиды Александровны Волковой, 25-летие народного ансамбля «Сударушка» и 20-летие филиала Алматинского областного русского центра в городе Қонаев.

В зале собрались родные и друзья Зинаиды Александровны, её коллеги, участники творческих коллективов, представители общественных организаций и люди, с которыми её связывают многие годы совместной работы.

Вечер начался с показа документального фильма о Зинаиде Александровне. На экране ожили фотографии разных лет, важные события её биографии, страницы общественной и творческой деятельности. Фильм напомнил зрителям, сколько сил и времени она отдала сохранению культурных традиций, развитию Русского центра и объединению людей.

Одним из главных событий стала презентация книги воспоминаний Зинаиды Александровны «Дорогу осилит идущий». О книге и истории её создания рассказала председатель Алматинского областного филиала Ассоциации русских, славянских и казачьих этнокультурных объединений Лариса Леонидовна Котельникова.

В издание вошли воспоминания о семье, жизненном пути, работе, общественной деятельности, Русском центре и людях, встречавшихся Зинаиде Александровне на протяжении многих лет. Отдельное место в книге занимают её стихи и произведения сына Алексея.

С юбилеем Зинаиду Александровну поздравили заместитель акима города Қонаев Турсын Марат Файзуллаевич, руководитель КГУ «Центр общественного согласия и развития» Елбосын Сәкенұлы Абай, вручивший поздравление от директора РГУ «Қоғамдық келісім», руководитель Конаевского городского филиала партии «Әділет» Берик Фатықұлы Дуйсенбаев, председатель Совета ветеранов города Қонаев Базарбай Бүркітбайұлы Оралбаев.

Поздравительный адрес от имени председателя АРСК Сергея Михайловича Пономарёва вручила Лариса Леонидовна Котельникова. Также юбиляра поздравил председатель Казахстанского этнокультурного объединения русской культуры Всеволод Анатольевич Лукашов.



В адрес юбиляра прозвучали слова благодарности за многолетний труд, активную общественную позицию и вклад в культурную жизнь города.

Особой частью программы стало выступление народного ансамбля «Сударушка», созданного Зинаидой Александровной в 2001 году. За четверть века коллектив стал не только заметной частью культурной жизни города, но и настоящим объединением друзей, которых связывает любовь к народной песне.

Концертные номера, цветы, подарки и общая фотография завершили этот тёплый вечер. Но главным подарком для Зинаиды Александровны стали люди, пришедшие выразить ей своё уважение и сказать спасибо за всё, что она сделала.

Зангар Алтай,
г. Қонаев

КАЗАНАМА



КЕБИРОВ АЛЫМ

Ұлы Отан соғысының ардагері Алым Кебиров дүниеден өтті. Соғыс және еңбек ардагері Алым Кебировтың қазасы бәріміздің жанымызға батты. Соғыста асқан ерлік көрсетіп,- жеңіспен елге оралған Алым Кебиров еңбекке белсене араласып, жоғары жетістіктерге жетті.

Соғыс және еңбек ардагері, Алматы облысы, Үйғыр ауданы Кіші Ақсу ауылында 1924 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген.

1924 жылы 23 ақпанда Жаркент военкоматынан армия қатарына алынып, соғысқа аттанады.

1942–1943 жылдары Белоруссия майданында болып жатқан соғысқа қатысады. Алапат соғыста Белград қаласын азат етудегі шайқаста ауыр жараланып, госпитальда емделіп, жарақаты жазылып шыққан соң, қайта соғысқа барады.

1943–1944 жылдар аралығында Украина майданында болып жатқан соғысқа қатынасып, бірнеше қалаларды азат еткеннен кейін Львов қаласын азат етуде ауыр жараланып, 1944 жылдың наурыз айында туған жеріне қайтып оралады.

Қанды майданда көрсеткен ержүрек батылдығы үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Украинаны азат еткені үшін», «Львов қаласын азат еткені үшін» және бірнеше медальдармен марапатталады. Соғыстан кейін туған жеріне оралып, 1945–1990 жылдар аралығында әр түрлі жұмыстар атқарады.

Жүрегі кең, жаны жайсаң, ақылман абыз Алым Кебировтың қазасына ортақтасып, марқұмның жақындары мен туыстарына қатты қайғырып көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы болсын!

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының басшылығы

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Білім беру объектілерінде жеке және өндірістік гигиена ережелерін сақтау

Білім беру ұйымдарында жеке және өндірістік гигиена ережелерін сақтау – білім алушылар мен қызметкерлердің денсаулығын қорғаудың, жұқпалы аурулардың алдын алудың және қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызды шарты.

Жеке гигиена талаптарына қолды сабынмен үнемі жуу, дене тазалығын сақтау, таза киім мен арнайы киім кию, шаш пен тырнақтың тазалығын қадағалау жатады. Сонымен қатар қызметкерлер уақытылы медициналық тексеруден өтіп, жұмыс барысында санитариялық талаптарды орындауы қажет. Өндірістік гигиена білім беру ұйымдарындағы санитариялық жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған. Оған оқу кабинеттері мен дәліздерді күнделікті ылғалды тазалау, бөлмелерді желдету, жарықтандыру мен температуралық режимді сақтау, санитариялық тораптардың тазалығын қамтамасыз ету, ауызсу сапасын бақылау және асханадағы санитариялық нормаларды орындау кіреді.

Қазақстан Республикасында бұл талаптар 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекспен және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалармен реттеледі.

Білім беру объектілерінде жеке және өндірістік гигиена ережелерін сақтау – әрбір қызметкердің жауапкершілігі. Санитариялық талаптарды жүйелі орындау аурулардың таралуын болдырмауға, балалар мен қызметкерлердің денсаулығын сақтауға және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, қоғамның тұрақтылығына және халықтың мемлекеттік органдарға деген сеніміне кері әсерін тигізетін қауіпті құбылыс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, заңдылықты сақтау, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда құқықтық сауаттылықты арттыру, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік қағидатын орнықтыру маңызды.

Әрбір мемлекеттік қызметші өз міндеттерін адал әрі жауапкершілікпен атқарып, қызметтік өкілеттігін жеке мүддесі үшін пайдаланбауы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Адалдық, әділдік және заңдылық қағидаттарын сақтау арқылы ғана сыбайлас жемқорлықсыз қоғам қалыптастыра аламыз.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық–эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4327
Тапсырыс №2697
Индексі – 65472.